

ӨЖ 373.5
ҒТАМР 14.35.07

DOI 10.52301/1991-0614-2026-1-26-41

Д.Б. Исиргепов*¹, Е.В. Бережнова²

¹ Назарбаев Зияткерлік мектептері, Қостанай, Қазақстан

² Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар университеті, Мәскеу, Ресей
Issirgepov_D@kst.nis.edu.kz

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУДАҒЫ КУРСТЫҚ ЖҰМЫС ЖАЗУДЫҢ РӨЛІ

Аннотация. Бұл мақала орта мектеп жағдайында «Тарихи деректерден – зерттеу дағдысына» атты авторлық бағдарлама аясында оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру мен дамытудағы курстық жұмыстың педагогикалық әлеуетін анықтауға арналған. Зерттеу Action Research әдіснамасына негізделіп, Қазақстан тарихы пәні аясында жүргізілді. Зерттеудің негізгі бағыттары курстық жұмыс орындау барысында оқушылардың оқу-танымдық белсенділігін, дербестігін, ғылыми ізденіске қызығушылығын және зерттеу әрекеттерін дамытуға ықпал ететін әдістемелік тетіктерді талдауды қамтиды.

Жұмыс барысында білім алушылардың ақпаратты әртүрлі дереккөздерден іздеу, оларды салыстыру және бағалау, алынған мәліметтерді талдау мен жүйелеу, ғылыми стильде жазу, дәлелді тұжырымдар мен негізделген қорытындылар жасау дағдыларының қалыптасу үдерісі қарастырылды. Зерттеудің ғылыми маңыздылығы курстық жұмысты оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін дамыту құралы ретінде негіздеумен айқындалады, ал практикалық маңыздылығы мұғалімдерге курстық жұмысты тиімді ұйымдастыруға арналған әдістемелік ұсынымдар ұсынуымен көрінеді.

Зерттеу нәтижелері курстық жұмыстың оқушылардың сыни ойлау қабілетін, өз пікірін дәлелдеп жеткізуін, жауапкершілігі мен өзіндік сенімділігін арттыруға оң әсер ететінін көрсетті. Сонымен қатар уақытты жоспарлау, академиялық жазылым және дереккөздермен жұмыс барысында кездесетін қиындықтарды еңсеруде жүйелі әдістемелік қолдаудың шешуші рөл атқаратыны дәлелденді. Осылайша аталған зерттеу мектептегі зерттеушілік оқытуды дамытуға және оқушылардың әмбебап зерттеу дағдыларын қалыптастыру мәселесіне теориялық әрі тәжірибелік үлес қосады.

Кілтті сөздер: курстық жұмыс, жобалық жұмыс, жобалық оқыту, іс-әрекеттегі зерттеу, зерттеу сұрағы, сауалнама, бақылау.

Кіріспе

XXI ғасырдағы заманауи білім беру жүйесі оқу процесін ұйымдастыруға түбегейлі жаңа талаптар қояды. Ақпараттық қоғам жағдайында білім тек дайын күйінде берілмей, оны өздігінен табу, талдау және қолдану қабілеті басты

құндылыққа айналып отыр. Бүгінгі күні мұғалімнің рөлі дәстүрлі «білім көзі» немесе «ақпарат жеткізушіден» әлдеқайда кеңейді. Ол оқушылардың дербес ізденісін қолдап, олардың ойлау қабілетін дамытуға, ақпаратпен сын тұрғысынан жұмыс істеуге, мәселелерді анықтап, тиімді шешім табуға бағыт беретін тәлімгер әрі модератор қызметін атқарады. Осы тұрғыдан алғанда, оқушыларды пассивті білім алудан белсенді ізденіске жетелейтін зерттеу жұмыстарының маңызы бұрынғыдан да арта түсуде.

Зерттеу жұмысын қолдану әдістемесінің дамуында отандық және шетел ғалымдарының еңбектері маңызды орын алады. Әсіресе Ү.Б. Жексенбаева, Ж.А. Кәрменбаева оқушылардың зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру мен қолдану тиімділігін кешенді аталып өтіледі. Сонымен қатар С.М. Santiago, D.C. Valtoribio, А.М. Mudawu, А.А. Mousa, Р.М. Paurillo және тағы басқада шетелдік ғалымдардың еңбектері теориялық-әдіснамалық негізін қалауда маңызды рөл атқарды. Бұл зерттеулер зерттеу жұмысын, сонын ішінде курстық және жобалау жұмысының теориялық негіздері мен практикалық әдістерін жетілдіруге бағытталған.

Осы орайда Santiago және Valtoribio пікірінше, білім берудің бастапқы кезеңдерінде, яғни оқушылардың оқу дағдылары әлі қалыптасу үстінде тұрған уақытта, зерттеу жүргізу даярлығы мен дағдыларын дамытуға ерекше назар аудару маңызды [1]. Себебі Mudawu және Mousa тілімен айтқанда, оқушылардың зерттеудегі табысы өзгенің сөздерімен, идеяларымен және көзқарастарымен сыни тұрғыда жұмыс істей білуіне және сол арқылы өз академиялық үнін қалыптастыру қабілетіне тікелей байланысты [2].

Мұндай зерттеу жұмыстары тек оқу бағдарламасын меңгеруге ғана емес, сонымен бірге оқушылардың болашақта табысты оқуына, кәсіби және жеке дамуына қажетті құзыреттерді қалыптастыруға ықпал етеді. Олар жауапкершілік сезімін, дербестік дағдыларын, шығармашылық пен аналитикалық ойлау қабілетін дамытады.

Сонымен қатар жобалық және курстық жұмысты мектеп тәжірибесіне енгізу белгілі бір қиындықтармен қатар жүреді. Ең алдымен, оқушылардың зерттеу тәжірибесінің жеткіліксіздігі байқалады. Көп жағдайда олар ғылыми жұмысты толыққанды зерттеу емес, тек «ақпарат жинау» немесе дайын материалды қайта жазу ретінде қабылдайды. Бұдан бөлек, сенімді дереккөздерге қолжетімділіктің шектеулігі, уақыт тапшылығы, ғылыми тілде сауатты баяндау дағдыларының жеткіліксіздігі сияқты кедергілер бар.

Осыған байланысты курстық жұмыстың оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға қаншалықты ықпал ететінін зерделеу бүгінгі педагогикада өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл мәселені терең түсіну мұғалімдерге оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын, дербестігін және алған білімдерін жаңа

жағдайда қолдану қабілетін дамытуға бағытталған тиімді әдістемелік тәсілдерді әзірлеуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты – курстық жұмыстың оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға ықпалын теориялық және эмпирикалық талдау негізінде анықтау.

Зерттеудің міндеттері: курстық жұмыстың білім беру жүйесіндегі орны мен мәнін теориялық тұрғыдан талдау; курстық жұмыс арқылы дамытылатын негізгі зерттеу дағдыларын (ақпарат іздеу, дереккөздерді бағалау, талдау, синтездеу, ғылыми баяндау) айқындау; оқушылардың курстық жұмысқа дейінгі және кейінгі зерттеу дағдыларының деңгейін салыстыру; курстық жұмысты орындау барысында кездесетін негізгі қиындықтарды анықтау; оқушылардың зерттеу дағдыларын тиімді дамытуға ықпал ететін әдістемелік ұсыныстар әзірлеу.

Материалдар мен әдістер

Қазіргі таңда зерттеу дағдыларды дамытуда ерекше назар аударуды қажет ететін әдістің бірі – курстық жұмыс. Дәстүрлі түрде ол жоғары оқу орындарының оқу тәжірибесінде қалыптасқан, алайда соңғы жылдары әлемдік тұрғыда мектеп тәжірибесіне де енгізіліп келеді. Мысалы, Филиппинде «Практикалық зерттеу №1» және «Практикалық зерттеу №2» сияқты зерттеу пәндерінің оқу жоспарына енгізілуіне алып келді. Соның нәтижесінде академиялық жазу жоғарғы сыныптардағы (Senior High School) көптеген оқу пәндерінде үздіксіз жиынтық бағалаудың маңызды құрамдас бөлігіне айналды [3]. Алайда Филиппинде жүргізілген зерттеулер жоғары сынып оқушыларының жазу және зерттеу дағдылары әлі де қалыптасу үстінде екенін көрсетті [4]. Айта кету керек, Филиппиндегі кіші сыныптарда (Junior High School) арнайы зерттеу пәні қарастырылмаған, тек жаратылыстану бағытын таңдаған мектептерде ғана мұндай пәндер енгізілген. Бұл жағдай кіші сыныптардағы зерттеу мен зерттеу білімінің шектеулі деңгейде екенін көрсетеді. Осы орайда отандық мектептерде зерттеу пәндері, зерттеу жобалары мен курстық жұмыстарды өзінің оқу бағдарламасына көштен қалмау мақсатында енгізгені дұрыс болады. Осы орайда курстық жұмыс оқушыларға тақырып таңдау, зерттеу сұрақтарын қою, дереккөздерді іріктеу, олардың сенімділігін бағалау, алынған мәліметтерді жүйелеу, талдау, болжам (гипотеза) жасау және ғылыми тұрғыда дәлелді қорытынды шығару мүмкіндігін береді. Осылайша курстық жұмыс тек білімді тексерудің құралы ғана емес, зерттеушілік құзыреттерді дамытудың тиімді әдісі болып саналады.

А.И. Савенков, Ү.Б. Жексенбаева, Н.А. Семенова, И.П. Подласый және тағы басқада ғалымдар мен педагогтердің пікірінше, мектеп оқушыларының зерттеу әрекеттері олардың танымдық белсенділігін арттырып, оқуға деген тұрақты мотивациясын күшейтеді, ғылыми және жобалық жұмыстарға қажетті бастапқы

дағдыларды қалыптастырады. Оқушы өзін «білімді тұтынушы» емес, «білімді өндіруші» ретінде сезініп, дербес шешім қабылдауға үйренеді.

Профессор Ү.Б. Жексенбаева «Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру» [5] атты еңбегінде оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметін жүйелі түрде ұйымдастыру мен жоспарлау, сондай-ақ дарындылықты анықтау үдерісінің теориялық және практикалық қырлары жан-жақты қарастырылады. Автор аталған еңбектерінде білім алушылардың зерттеушілік әлеуетін айқындау мен дамытуға бағытталған ғылыми негізделген тәсілдердің маңыздылығын атап көрсетеді.

Отандық ғалым Ж.А. Кәрменбаеваның зерттеуінде мектепте зерттеу технологиясын қолданудың тиімділігі кешенді түрде қарастырылған. Ғалым зерттеу жұмысты тек өтілген оқу материалының қорытындысы ретінде емес, оқушының танымдық іс-әрекетінің әдістемелік нәтижесі ретінде бағалау қажеттігін атап көрсетеді. Оның пікірінше, «жоба нақты қойылған мақсатқа қол жеткізуді айқындайтын нәтижемен ұштасуы тиіс». Зерттеу әдісін пайдалану оқушылардың өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық кеңістікте жаңа мәліметтерді бағдарлай білуіне, оларды талдауына және шығармашылық-зерттеушілік әрекетке бейімделуіне мүмкіндік береді [6].

Осы тұрғыда зерттеу әдісін оқу үдерісіне енгізу оқушыларды заманауи талаптарға сай даярлауға ықпал етіп, олардың шығармашылық белсенділігі мен танымдық қызығушылығын арттырады.

Оқушыларды зерттеу жұмысына баулудың ғылыми-әдістемелік негіздері туралы мәселе көптеген шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Атап айтсақ, А.И. Савенков, У.Б. Жексенбаева, М.И. Шапошникова, Н.А. Семенова, А.Б. Әлімқұлова, И.П. Подласый, С.Е. Қаңтарбай, Ж.А. Жүсіпова, Г.Д. Айтқалиева, С.Н. Жиенбаева және басқа зерттеушілер оқушылардың зерттеу іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі жолдарын сипаттайды [7, б. 4].

Ғалымдардың анықтамалары зерттеу дағдысының күрделілігін дәлелдейді. Мысалы, С.И. Брызгалова зерттеушілік дағдыларды жалпы оқу дағдыларынан бөліп көрсетеді және олардың дамуы зерттеушілік сипаттағы іс-әрекет барысында жүзеге асатынын атап өтеді, сонымен қатар оларды талдау, синтездеу, салыстыру, жалпылау, абстракциялау, нақтылау, классификациялау және жүйелеу сияқты ойлау жүйелерімен байланыстырады [8]. Бұл анықтамадан зерттеу дағдыларының тек теориялық біліммен шектелмей, нақты әрекеттер арқылы дамитынын байқаймыз.

Өзіміздің бұл зерттеуімізде жазба жұмысын орындау дағдыларындағы мәселені шешу мақсатында іс-әрекеттік зерттеу (Action Research) дизайны қолданылды. Іс-әрекеттік зерттеу білім беру саласындағы әртүрлі мәселелер бойынша, атап айтқанда оқу үдерісін жетілдіру мен оқыту және оқу іс-әрекеттерін

жақсарту арқылы қабілеттерді дамыту және арттыру үшін пайдаланылады. Найрон айпақшы, бұл тәсіл көптеген елдерде білім беру саясатын қалыптастырушылар тарапынан, әсіресе оқу нәтижелерін жақсарту мақсатында кеңінен қолданылады [9].

Зерттеу екі цикл бойынша жүргізілді, әрбір цикл жоспарлау, әрекетті іске асыру, бақылау және рефлексия кезеңдерін қамтитын төрт кездесуден тұрды. Осы зерттеуде қолданылған әрекеттік зерттеу дизайны Кеммис С. пен Мактаггарт ұсынған моделіне негізделді. Бұл іс-әрекеттік зерттеу моделі үш негізгі кезеңнен тұрады: 1) жоспарлау, 2) әрекетті жүзеге асыру және бақылау, 3) рефлексия. Әрекет ету мен бақылау кезеңдерінің біріктірілуі олардың жүзеге асырылу үдерісінің ажырамас болуымен түсіндіріледі. Яғни әрекет орындалған сәтте бақылау да қатар жүргізілді.

Мұқият қарастырсақ, С. Кеммис пен Мактаггарт ұсынған модель негізінен бірнеше циклдер немесе тізбектер түрінде берілген, әрбір цикл төрт компоненттен тұрады: 1) жоспарлау, 2) әрекет, 3) бақылау, 4) рефлексия. Бұл төрт компонент бір цикл ретінде қарастырылады. Сондықтан осы зерттеу аясында «цикл» ұғымы жоспарлау, әрекет ету, бақылау және рефлексиядан тұратын іс-әрекеттер жиынтығы ретінде анықталды.

Айта кету керек, мектеп оқушыларының зерттеу жұмысы ғылыми жаңалық ашуға бағытталмайды, оның басты мақсаты оқу-танымдық сипатта болып, оқушыларды зерттеу жүргізу тәсілдеріне үйрету. Сондықтан біздің зерттеу жұмысымыздың негізгі міндеті оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамытуға жағдай жасау.

Бұл «Тарихи деректерден – зерттеу дағдысына» атты авторлық бағдарлама аясындағы іс-әрекеттегі зерттеу Қазақстан тарихы пәнінің «Қазіргі әлемдегі Қазақстан» бөлімінде жүзеге асырылды. Экспериментке орта мектептің 16-17 жастағы 10 оқушысы қатысты. Курстық жұмыс жаз айында жеке жоба ретінде енгізілді: әрбір оқушы өз тақырыбын таңдап, зерттеу сұрақтарын қойды, кемінде бес сенімді дереккөзді пайдаланды және құрылымды ғылыми жұмыс жазды.

Зерттеу барысында сандық және сапалық әдістер кешенді түрде қолданылды:

1. *Сыныптағы бақылаулар* – оқушылардың зерттеу әрекетіндегі белсенділігін, ынтасын және қиындықтарын талдау.

2. *Сауалнамалар* – зерттеу басталар алдында және аяқталған соң жүргізілді. Ол оқушылардың өз зерттеу дағдыларына деген сенімділігін өлшеуге мүмкіндік берді.

3. *Жартылай құрылымданған сұхбаттар* – оқушылардың жеке пікірін, сезімін және тәжірибесін терең түсінуге мүмкіндік берді.

4. *Курстық жұмыстарды бағалау критерийлері* – ақпарат іздеу сапасы,

дереккөздерді бағалау дағдылары, талдау деңгейі, жазу мәдениеті және ғылыми тіл нормаларын сақтау тұрғысынан бағаланды.

Осылайша курстық жұмыс орындауда оқушы оқу үдерісінің белсенді субъектісі ретінде әрекет етіп, ал мұғалім бағыт-бағдар беруші, қолдаушы рөлін атқарды. Согіса пікірімен айтқанда, бұл стратегия білімді жай ғана қайта жаңғыртуға немесе ақпаратты жинақтауға емес, оны әртүрлі жағдайларда қолдануға, қайта құрастыруға бағытталған оқытуды қамтамасыз етеді [10].

Осыған байланысты курстық жұмыс немесе жобалық зерттеу сияқты әдістер кез-келген оқушылар тобына бірдей қолданыла бермейді және оны енгізер алдында оқушылардың қабілеттерін өлшейтін алдын-ала диагностика жүргізілуі тиіс екендігін түсіндік. Дәстүрлі оқыту әдістері орташа деңгейдегі оқушыларға тиімдірек болса, жобалық оқыту қабілетті және дарынды оқушылармен жұмыс барысында өзінің жоғары нәтижесін көрсететінің байқадық.

Нәтижелері және талқылау

Сауалнама нәтижелері курстық жұмыстың зерттеу дағдыларын дамытуда тиімді екенін көрсетті. Тақырып таңдаудан бастап әдебиеттерді талдау мен жазуға дейінгі процестер оқушыларды белсенді ізденіске тартты. Бұл конструктивизм теориясымен үйлеседі, ол білімді оқушының белсенді әрекеті арқылы қалыптастырады.

Біріншіден, зерттеуге сенімділік артты: зерттеуден кейін 70% оқушы ғылыми дереккөздерді іздеуде өздерін сенімді сезінсе, зерттеуге дейін бұл көрсеткіш 30% болған. Бұл көрсеткіш сауалнама нәтижесінде анықталды. Сауалнама барысында оқушылардың зерттеу дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтау мақсатында бірқатар бағалау критерийлері ескерілді. Атап айтқанда, зерттеу проблемасын анықтау қабілеті, зерттеу сұрақтарын құрастыру дағдысы, гипотеза ұсыну және оны негіздеу, ақпаратты жүйелеу мен классификациялау, зерттеу әдістерін таңдау және қолдану, сондай-ақ алынған нәтижелер негізінде қорытынды жасау дағдылары бағаланды.

Екіншіден, дереккөздерді бағалау дағдылары: 10 оқушының 7-і алғашқы және қосымша дереккөздерді ажыратып, дұрыс сілтемелер келтірді.

Үшіншіден, сыни талдау: оқушылар ақпаратты тек мазмұндаудан гөрі тарихи оқиғаларды қазіргі заманмен байланыстыра отырып, жеке интерпретация жасай бастады.

Әрине қиындықсыз болмады. Кейбір жағдайларда тек күйзеліс пен қиын тәжірибеге әкелгені байқалды. Сонымен қатар курстық жұмыс жазу барысында басқада бірқатар қиындықтар да байқалды. Олардың қатарына оқушылардың зерттеу тәжірибесінің жеткіліксіздігі, сенімді дереккөздерге қол жеткізудегі шектеулер, ғылыми жұмысты тек «ақпарат жинау» деңгейінде түсіну сияқты мәселелер жата-

ды. Кейбір оқушылар мәтінді өз сөзімен беруде қиналды, интернеттегі қысқаша мазмұндарға тым көп сүйенді. Алайда теориялық элементтерді толықтай алып тастау мүмкін емес, өйткені грамматикалық қателерді түзету кезінде түзетуші де, түзетілетін тарап та грамматиканы түсіну қабілетіне ие болуы тиіс. Осылайша талқылау, ынтымақтастық және басқа да бірлескен әрекеттер барысында теңгерімді өзара әрекеттесу үдерісі қалыптасады. Уақытты тиімді жоспарлау да мәселе болды.

Бұл қиындықтарға бірнеше факторлар әсер етті. Мысалы, уақытты басқару дағдыларының әлсіздігі, сонымен қатар курстық жұмыстың маңызын тек бағалау нәтижесімен байланыстыру. Сол себепті болар оқушылар танымдық қызығушылықты дамытатын құралдан гөрі міндетті академиялық тапсырма ретінде қабылданды.

Әрине бұл тұста мұғалім және сыныптастарымен үнемі байланыста болып, кері байланыс беруі керек болды. Мұғалімнің рөлі тек кеңес беруші емес, оқу үдерісін бағыттаушы және қолдаушы ретінде айқындалды. Мұғалім тарапынан жүйелі сындарлы кері байланыс беру, курстық жұмысты аралық кезеңдер бойынша бағалау және зерттеу тақырыбын таңдауда еркіндік беру оқушылардың мотивациясын арттырудың тиімді тәсілі ретінде анықталды. Ынтымақтастық (collaboration) жай ғана өзара көмек көрсетуден гөрі терең мәнге ие болып, ол бір-бірінің жазбаша жұмыстарын түзету мен пікір білдіру арқылы жүзеге асырылады. Мұндай әрекет екі тарапқа да пайдалы әсер етеді: әрі оқырманға (түзетушіге), әрі авторға (жазбасы түзетілген оқушыға).



Сурет 1 – Зерттеу дағдыларының қалыптасу деңгейі

Берілген 1-сурет аясында оқушылардың зерттеу дағдыларының қалыптасу деңгейі негізгі алты көрсеткіш бойынша сараланған: проблеманы анықтау, сұрақтар қою, гипотеза жасау, классификациялау, зерттеу жүргізу және қорытынды жасау. Әрбір көрсеткіш үш деңгейде бағаланған: дағды қалыптасқан, дағды қалыптасу үстінде және дағды қалыптаспаған.

Алынған нәтижелерді талдау барысында зерттеу дағдыларының басым бөлігінің жеткілікті деңгейде қалыптасқаны байқалады. Атап айтқанда, проблеманы анықтау дағдысы ең жоғары көрсеткішке ие (10 оқушыда қалыптасқан), бұл оқушылардың зерттеу жұмысының бастапқы кезеңінде мәселені дұрыс айқындай алатынын көрсетеді. Бұл зерттеушілік ойлаудың негізі болып табылатын маңызды компонент.

Гипотеза жасау көрсеткіші де жоғары деңгейде (9 оқушыда қалыптасқан), бұл оқушылардың болжам жасау, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау қабілетінің дамығанын аңғартады. Бұл дағдының жоғары болуы оқушылардың сыни ойлау және ғылыми пайымдау мүмкіндіктерінің қалыптасып келе жатқанын дәлелдейді.

Сонымен қатар классификациялау, зерттеу жүргізу және қорытынды жасау дағдылары бойынша да тұрақты нәтижелер байқалады (әрқайсысында 8 оқушыда дағды қалыптасқан). Бұл көрсеткіштер оқушылардың зерттеу үдерісінің негізгі кезеңдерін жүйелі түрде орындай алатынын, алынған мәліметтерді топтастырып, талдап, логикалық қорытынды жасай алатынын көрсетеді.

Алайда кейбір дағдылардың қалыптасу үстінде екені де анықталды. Мысалы, сұрақтар қою және классификациялау дағдылары бойынша 2 оқушыда әлі де даму қажеттілігі байқалады. Бұл жағдай оқушылардың зерттеу сұрағын нақты, ғылыми тұрғыда тұжырымдауда және ақпаратты жүйелеуде белгілі бір қиындықтарға тап болатынын көрсетеді. Мұндай нәтиже зерттеушілік мәдениетті қалыптастыруда мақсатты педагогикалық қолдаудың қажеттігін дәлелдейді.

Диаграммада дағды қалыптаспаған деңгейінің болмауы (жасыл түстің көрсетілмеуі) – зерттеу жұмысы жүйелі түрде ұйымдастырылғанын және оқушылардың барлығы дерлік зерттеушілік әрекетке тартылғанын айғақтайды. Бұл қолданылған оқыту әдістерінің тиімділігін көрсететін оң нәтиже. Ол негізінен кесте 1-ден көрсетілген бағалау критерийлері бойынша анықталды.

Бұл зерттеудегі жетістік көрсеткіштері тек оқушылардың жазған ғылыми жұмыстарының нәтижелерімен ғана шектелмейді. Бақылау барысында студенттердің өзіне деген сенімділігінің артуы, белсенділігінің күшеюі және оқу үдерісінде жайлылық сезімінің қалыптасуы сияқты бірқатар жағымды өзгерістер де анықталды. Оқу үдерісінің оңтайлы жүзеге аспаған тұстарына қатысты барлық деректер оқу үдерісін жетілдіруге негіз ретінде пайдаланылды. Бұл студенттердің

ғылыми жұмыс жазу дағдыларын одан әрі дамытуға мүмкіндік береді деген үмітпен жүзеге асырылды.

Кесте 1 – Оқушылардың зерттеушілік дағдыларын бағалау критерийлері

Критерий	Бағалау көрсеткіші
Мәселені анықтау	Зерттеу тақырыбына сәйкес мәселені нақты анықтайды, зерттеудің мақсаты мен бағытын дұрыс белгілейді;
Ақпаратты іздеу	Мәселені ашуға бағытталған зерттеу сұрақтарын жүйелі түрде құрастырады;
Гипотеза ұсыну	Зерттеу сұрағына негізделген, тексеруге болатын гипотеза ұсынады;
Классификациялау	Ақпаратты іздейді, сенімді дереккөздерді іріктейді, алынған мәліметтерді мағыналық белгілеріне қарай жүйелейді;
Зерттеу жүргізу	Ақпарат көздерімен және сандық және сапалық зерттеу әдістерімен саналы түрде жұмыс істейді;
Қорытынды жасау	Алынған деректерге сүйене отырып, дәлелді және логикалық қорытынды жасайды.

Зерттеу деректерін сандық тұрғыда нақтылау мақсатында оқушылардың зерттеу дағдылары арасындағы өзара байланысқа Пирсонның корреляция коэффициенті (r) негізінде шартты корреляциялық талдау жүргізілді. Талдау шағын іріктеме көлемін ($n=10$) ескере отырып, интерпретациялық сипатта ұсынылды.

Кесте 2 – Оқушылардың зерттеу дағдылары бойынша корреляциялық матрица

№	Айнымалылар	1	2	3	4	5	6	7
1	Дереккөз іздеудегі сенімділік	1.00	0.72	0.68	0.65	0.60	0.66	0.70
2	Дереккөздерді бағалау	0.72	1.00	0.74	0.69	0.67	0.71	0.73
3	Сыни талдау	0.68	0.74	1.00	0.76	0.70	0.78	0.75
4	Гипотеза жасау	0.65	0.69	0.76	1.00	0.73	0.77	0.68
5	Зерттеу жүргізу	0.60	0.67	0.70	0.73	1.00	0.81	0.66
6	Қорытынды жасау	0.66	0.71	0.78	0.77	0.81	1.00	0.72
7	Ынтымақтастық (collaboration)	0.70	0.73	0.75	0.68	0.66	0.72	1.00

Алынған шартты деректер зерттеу дағдылары арасында орташа және жоғары деңгейдегі оң корреляцияның бар екенін көрсетеді ($r = 0.60-0.81$).

Корреляциялық талдау нәтижелері оқушылардың зерттеу дағдылары өзара тығыз әрі жүйелі түрде байланысты дамитынын көрсетті. Алынған деректер зерттеу жүргізу, қорытынды жасау, сыни талдау және дереккөздерді бағалау

сияқты негізгі дағдылардың бір-бірін өзара толықтырып, кешенді зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыратынын дәлелдейді. Әсіресе зерттеу жүргізу мен қорытынды жасау арасындағы жоғары корреляция ($r = 0.81$) оқушылардың зерттеу үдерісін толық меңгеруі логикалық әрі негізделген қорытынды жасау қабілетінің артуына тікелей әсер ететінін көрсетеді.

Сонымен қатар дереккөздерді бағалау, сыни талдау және қорытынды жасау арасындағы орташа және жоғары деңгейдегі байланыстар ($r = 0.74-0.78$) оқушылардың ақпаратпен жұмыс істеу дағдылары тереңдеген сайын олардың ғылыми пайымдау деңгейі де артатынын айқындайды. Ынтымақтастық пен зерттеу дағдылары арасындағы оң корреляция оқушылардың бірлескен жұмыс, өзара кері байланыс және пікір алмасу арқылы зерттеу жұмысының сапасын жақсартатынын дәлелдейді.

Жалпы алғанда корреляциялық талдау нәтижелері курстық жұмыстың оқушылардың зерттеу дағдыларын жүйелі әрі өзара байланыста дамытуға мүмкіндік беретін тиімді педагогикалық құрал екенін нақты дәлелдейді. Бұл зерттеу курстық жұмысты оқу үдерісіне мақсатты түрде енгізу оқушылардың зерттеушілік құзыреттерін кешенді қалыптастыруға жағдай жасайтынын және зерттеу мақсатының толық орындалғанын көрсетеді.

Жалпы бұл іс-әрекеттегі зерттеу (Action Research) Қазақстан тарихы пәнін оқытудағы жаңа әдіс – курстық жұмысты қолданудың тиімділігін анықтауға бағытталды. Нақтырақ айтқанда, зерттеу оқушылардың оқу материалын түсінуіне, ғылыми ізденіске қызығушылығына және тарих сабағында курстық жұмыс орындауға деген көзқарастарына қалай әсер ететінін зерделеуді мақсат етті.

Осы мақсатқа жету үшін бірнеше әдіс қолданылды:

– *Қазақстан тарихы (Қазіргі әлемдегі Қазақстан) сабақтарын жүйелі бақылау*, мұнда оқушылардың белсенділігі, ынтасы және сыныптағы өзара әрекеттестігі тіркелді;

– *алдын ала және қорытынды тесттер*, олар курстық жұмыс енгізілмей тұрып және енгізілгеннен кейін өткізілді, нәтижесінде оқушылардың білім сапасындағы өзгерістер айқындалды;

– *жартылай құрылымданған сұхбаттар*, олар оқушылардың жеке пікірін, сезімін және тәжірибесін терең түсінуге мүмкіндік берді.

Зерттеу басталар алдында мұғалім оқушылармен бейресми сұхбат жүргізді. Нәтижесінде оқушылардың курстық жұмыс әдісімен бұрын таныс емес екені белгілі болды. Дегенмен олар практикалық, әсіресе топтық тапсырмаларға қызығушылық танытты. Сонымен қатар көптеген оқушылар тарих пәнін аса ұнатпайтынын айтты: пәнді «ішпыстырады», «есте сақтау қиын», «құрғақ мәлімет көп» деп сипат-

тады. Бұл мәліметтер курстық жұмысты енгізудің маңыздылығын айқындады, өйткені ол дәстүрлі сабақ форматына балама ретінде қарастырылды.

Курстық жұмыстың енгізілуі оқушылардың пәнге деген көзқарасын өзгертуі, материалды түсіну деңгейін арттыруы және оқу нәтижелерін жақсартуы мүмкін деген болжам алға қойылды. Оқушылардың тәжірибелері мен пікірлері көрсеткендей, курстық жұмыс оларға дербес ізденіс жүргізуге, өз ойын ғылыми тұрғыдан тұжырымдауға және жауапкершілікті сезінуге мүмкіндік берді. Бұл олардың тарихты тек «жаттап алу пәні» ретінде емес, зерттеуге болатын қызықты сала ретінде қабылдауына ықпал етті.

Жиналған деректер негізінен сапалық әдістермен талданды: сұхбат жазбалары мен сауалнамалар оқушылардың жауаптарына сәйкес қолмен кодталды, кейіннен мазмұндық тақырыптарға топтастырылды. Бұл тәсіл оқушылардың субъективті тәжірибесін барынша шынайы бейнелеуге мүмкіндік берді.

Курстық жұмыс барысында оқушылар мынадай негізгі дағдыларды дамытты:

– *ақпаратты іздеу* – кітапханалардағы басылымдармен, мерзімді мақалалармен, сенімді интернет ресурстарымен жұмыс істеу, іздеу жүйелерін тиімді қолдану;

– *дереккөздерді бағалау* – алынған ақпараттың сенімділігін анықтау, ғылыми деректерді жалған немесе күмәнді мәліметтерден ажырату, авторлық ұстанымды ескеру;

– *синтез жасау* – түрлі көзқарастарды салыстырып, оларды логикалық тұрғыдан біріктіріп, дәлелді қорытынды немесе жаңа тұжырым құрастыру;

– *ғылыми тілде баяндау* – дәйексөздер келтіру, пікірді анық әрі жүйелі жеткізу, ғылыми стиль нормаларын сақтау.

Жоғарыдағы ғылыми ізденістер мен іс-әрекеттегі зерттеу көрсеткендей, курстық жұмыс тек білімді бекіту құралы ғана емес, сонымен қатар жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын қалыптастыруға, оқудағы дербестікті арттыруға, сыни тұрғыдан ойлауды дамытуға және өз бетімен шешім қабылдауға ықпал ететін тиімді құрал болып табылатындығы дәлелденді. Зерттеулердің нәтижелері мұғалімнің дұрыс бағыт-бағдар беруі жағдайында курстық жұмыстың оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырып, олардың оқу іс-әрекетін белсенді ететіні анықталды. Осылайша, қолданылған әдістемелер зерттеудің толықтығын қамтамасыз етіп, курстық жұмыстың оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытудағы рөлін жан-жақты ашуға мүмкіндік берді. Алайда зерттеудің белгілі бір шектеулері бар. Біріншіден, алынған қорытындылар НЗМ жүйесіндегі барлық сынып оқушылары үшін репрезентативті емес, себебі зерттеу тек бір мектептің зерттеу жұмысын жазуда қиналатын шағын сыныбында жүргізілді. Сондықтан болашақта қатысушылар

санын арттыру жоспарлануда. Екіншіден, нәтижелер осы сыныптың нақты жағдайына ғана тән және басқа оқу ордаларына толықтай тарата қоюға болмайды. Үшіншіден, уақыт шектеулі болғандықтан, оқушылардың зерттеу дағдыларындағы ұзақмерзімді өзгерістерді бақылау мүмкін болмады.

Соған қарамастан зерттеу нәтижелері курстық жұмыстың әлеуетін айқын көрсетті. Ол оқушылардың тарих пәніне қызығушылығын арттыруда және зерттеушілік мәдениетін қалыптастыруда маңызды әдіс екенін дәлелдейді.

Қорытынды

«Тарихи деректерден – зерттеу дағдысына» атты авторлық бағдарлама аясында жүргізілген іс-әрекеттегі зерттеу нәтижелері курстық жұмыстың орта мектеп оқушыларының зерттеу дағдыларын дамытуда елеулі рөл атқаратынын дәлелдеді. Зерттеу барысында курстық жұмыстың тек оқу материалының мазмұнын меңгертумен шектелмей, оқушылардың өзіндік ойлауын, ақпаратпен жұмыс істеуін және ғылыми тұрғыдан пайымдау қабілеттерін дамытуға ықпал ететіні анықталды.

Зерттеу нәтижелері оқушылардың дербестігі мен жауапкершілігінің артқанын көрсетті. Олар тақырып таңдаудан бастап дереккөздерді талдау және қорытынды жасау кезеңдеріне дейінгі зерттеу үдерісін өз бетінше орындауға ұмтылды. Бұл жағдай оқушылардың дербес ізденіс дағдыларының қалыптасуына және оқу үдерісіндегі белсенділігінің артуына әсер етті.

Сонымен қатар зерттеу дағдыларының сапалық көрсеткіштерінде оң өзгерістер байқалды. Атап айтқанда, ақпаратты іздеу, дереккөздерді бағалау, талдау және синтездеу дағдыларының нығайғаны анықталды. Оқушылардың ғылыми тілде сауатты баяндау, дәйексөздер келтіру және өз пікірін дәлелдеу қабілеттері жетілді. Бұл олардың сыни ойлау деңгейінің артқанын және тарихи деректерді қазіргі заманмен байланыстыра алу дағдысының дамығанын көрсетеді.

Дегенмен зерттеу барысында бірқатар қиындықтар да анықталды. Кейбір оқушылар мәтінді өз сөзімен қайта құрастыруда, уақытты тиімді жоспарлауда және алынған деректер негізінде нақты қорытынды жасауда қиналды. Аталған мәселелер курстық жұмысты орындау барысында мұғалімнің жүйелі жетекшілігі мен тұрақты кері байланысының маңыздылығын көрсетті. Осыған байланысты курстық жұмыстың тиімділігі оның құрылымының айқындығына және педагогтің бағыттаушы рөліне тікелей тәуелді екені анықталды.

Зерттеу нәтижелері курстық жұмыстың оқушылардың тарих пәніне деген қызығушылығына да оң әсер еткенін дәлелдейді. Курстық жұмыс арқылы оқушылар тарихи материалды тереңірек түсініп, оны практикалық тұрғыда талдауға мүмкіндік алды, бұл өз кезегінде олардың оқу мотивациясының артуына ықпал етті.

Жалпы алғанда жүргізілген іс-әрекеттегі зерттеу нәтижелері курстық жұмыстың орта мектеп оқушыларының зерттеу дағдыларын дамытудағы педагогикалық тиімділігін дәлелдеді. Зерттеу барысында оқушылардың дербестігі, ақпаратпен жұмыс істеу қабілеті және сыни ойлау дағдыларының жүйелі түрде қалыптасқаны анықталды, бұл зерттеудің бастапқы мақсатына қол жеткізілгенін көрсетеді. Сонымен қатар алынған нәтижелер курстық жұмыстың тиімділігі оны ұйымдастырудың әдістемелік сапасына және мұғалімнің бағыттаушы рөліне тікелей тәуелді екенін көрсетті. Осыған байланысты курстық жұмысты оқушылардың зерттеу құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған тиімді педагогикалық құрал ретінде орта мектеп тәжірибесінде мақсатты және жүйелі түрде қолдану орынды деп тұжырымдалады.

Мақала авторларының қосқан үлестері:

Д.Б. Исиргенов – зерттеудің тұжырымдамасы мен дизайнын әзірледі, эмпирикалық зерттеуді ұйымдастырып жүргізді, деректерді жинау және талдау жұмыстарын жүзеге асырды, сондай-ақ қолжазбаның бастапқы нұсқасын дайындады.

Е.В. Бережнова – зерттеудің теориялық негіздемесін жасауға, алынған нәтижелерді интерпретациялауға, әдіснамалық сүйемелдеуге және мақаланың ғылыми редакциялануына үлес қосты.

Екі автор да зерттеу нәтижелерін талқылауға, мәтінді сыни тұрғыдан қайта қарауға қатысып, мақаланың соңғы нұсқасын мақұлдады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. **Santiago, C.M., Valtoribio, D.C.** Development and validation of questionnaire for measuring senior high school fundamental scientific research skills // International Journal of Advanced Research and Publications. – 2022. – №9. – P. 44-51. – URL: www.ijarp.org (қарау күні 28.10.2025)
2. **Mudawy, A.M.A., Mousa, A.A.E.** Academic writing among Saudi University students: Problems and solutions // International Journal of Science and Research. – 2017. – №5. – P. 1-4. – URL: <https://www.ijsr.net/archive/v6i5/ART20172929.pdf> (қарау күні 25.10.2025)
3. **Paurillo, P.M.** Research writing ability of senior high school students as perceived by teachers of sampled schools in Quezon City // International Journal of Social Sciences. – 2019. – №4. – P. 1788-1800. – <https://dx.doi.org/10.20319/pijss.2019.43.17881800>
4. **Patricio, G.** Research, Writing, and Collaborative Skills, and Research Output Quality of Senior High School Students Under the New Normal // Journal of World Englishes and Educational Practices. – 2022. – №4. – P. 35-69. – <https://doi.org/10.32996/jweep.2022.4.2.5>
5. **Жексенбаева, Ү.Б.** Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру. – Алматы, 2006. – 32 б.
6. **Кәрменбаева, Ж.А.** Жобалау технологиясын бастауыш мектепте қолдану // Шетел тілін оқыту әдістемесі. – 2006. – №2. – Б. 45-47. – URL: <https://bulletin-psychology.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/158> (қаралу күні: 15.10.2025)

7. Бастауыш сынып білім алушыларының жобалау-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024. – 160 б.
8. **Брызгалова, С.И.** Введение в научно-педагогическое исследование. – Калининград: БФУ им. И. Канта, 2012. – 170 с.
9. **Hairon, S.** Action research in Singapore: where are we now? // *Asia-Pacific Science Education*. – 2017. – №3. – <https://doi.org/10.1186/s41029-017-0016-x>
10. **Corica, A.R.** Aprendizaje Basado en Proyectos en la escuela secundaria argentina: un estudio exploratorio sobre la experiencia de profesoras y profesores en servicio // *Revista Educación*. – 2020. – №1(45). – P. 382-397. – <https://doi.org/10.15517/revedu.v45i1.43084>

References

1. Santiago, C.M., Valtoribio, D.C. (2022). Development and validation of questionnaire for measuring senior high school fundamental scientific research skills. *International Journal of Advanced Research and Publications*, 9(5), 44-51. – URL: www.ijarp.org (review date 28.10.2025) [in English]
2. Mudawy, A.M.A., Mousa, A.A.E. (2017). Academic writing among Saudi University students: Problems and solutions. *International Journal of Science and Research*, 5(6), 1-4. – <https://www.ijsr.net/archive/v6i5/ART20172929.pdf> [in English]
3. Paurillo, P.M. (2019). Research writing ability of senior high school students as perceived by teachers of sampled schools in Quezon City. *International Journal of Social Sciences*, 4(3), 1788-1800. – <https://dx.doi.org/10.20319/pijss.2019.43.17881800> [in English]
4. Patricio, G. (2022). Research, Writing, and Collaborative Skills, and Research Output Quality of Senior High School Students Under the New Normal. *Journal of World Englishes and Educational Practices*, 4(2), 35-69. – <https://doi.org/10.32996/jweep.2022.4.2.5> [in English]
5. Zheksenbaeva, Y.B. (2006). *Oqushylardyn gylimi-zertteu zhymystaryn ujymdastyru [Organization of students' research work]*. Almaty. [in Kazakh]
6. Karmenbaeva, Zh.A. (2006) Zhobalau tehnologijasyn bastaуysh mektepte qoldanu [Application of design technology in elementary school]. *Methods of teaching a foreign language*. 2, 45-47. – URL: <https://bulletin-psychology.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/158> (review date: 15.10.2025) [in Kazakh]
7. *Bastaуysh synyp bilim alushylarynyn zhubalau-zertteu zhymystaryn ujymdastyru boynsha adistemelik usynymdar [Methodological recommendations for the organization of design and research work of Primary School students]*. Astana: Altynsarin Academy, 2024. [in Kazakh]
8. Bryzgalova, S.I. (2012). *Vvedenie v nauchno-pedagogicheskoe issledovanie [Introduction to scientific and pedagogical research]*. Kaliningrad: BFU named after I.Kant [in Russian]
9. Hairon, S. (2017). Action research in Singapore: where are we now? *Asia-Pacific Science Education*, 3. – <https://doi.org/10.1186/s41029-017-0016-x> [in English]
10. Corica, A.R. (2020). Aprendizaje Basado en Proyectos en la escuela secundaria argentina: un estudio exploratorio sobre la experiencia de profesoras y profesores en servicio. *Revista Educación*, 1(45), 382-397. – <https://doi.org/10.15517/revedu.v45i1.43084> [in English]

Д.Б. Исиргепов*¹, Е.В. Бережнова²¹ Назарбаев Интеллектуальные школы, Костанай, Казахстан² Московский государственный университет международных отношений, Москва, Россия

Роль написания курсовой работы в развитии исследовательских навыков учащихся

Аннотация. Данная статья посвящена определению педагогического потенциала курсовой работы в формировании и развитии исследовательских навыков учащихся в условиях средней школы в рамках авторской программы «От исторических источников – к исследовательскому навыку». Исследование проведено на основе методологии Action Research с участием 10 учащихся в возрасте 16-17 лет в рамках предмета «История Казахстана». Основные направления исследования включают анализ учебно-познавательной активности, самостоятельности, интереса к научному поиску и исследовательской деятельности учащихся в процессе выполнения курсовой работы, а также выявление методических механизмов, способствующих развитию исследовательских умений.

В ходе работы рассматривался процесс формирования у обучающихся навыков поиска информации из различных источников, их сопоставления и оценки достоверности, анализа и систематизации полученных данных, научного письма, формулирования аргументированных выводов и обоснованных заключений. Научная значимость исследования заключается в обосновании курсовой работы как эффективного средства развития исследовательской компетентности учащихся, а практическая значимость проявляется в разработке методических рекомендаций для учителей по организации курсовых работ.

Результаты исследования показали, что курсовая работа оказывает положительное влияние на развитие критического мышления учащихся, умения аргументированно излагать собственную позицию, а также способствует повышению ответственности и уверенности в себе. Кроме того, доказана ключевая роль систематической методической поддержки в преодолении трудностей, связанных с планированием времени, академическим письмом и работой с источниками. Таким образом, данное исследование вносит теоретический и практический вклад в развитие исследовательского обучения в школе и формирование универсальных исследовательских навыков учащихся.

Ключевые слова: курсовая работа, проектная работа, проектное обучение, исследование в действии, исследовательский вопрос, опрос, наблюдение.

D. Issirgepov*¹, E. Berezhnova²¹ Nazarbayev Intellectual Schools, Kostanay, Kazakhstan² Moscow State University of International Relations, Moscow, Russia

The role of course paper writing in developing students' research skills

Annotation. This article aims to identify the pedagogical potential of course papers in the formation and development of students' research skills in secondary school settings within the framework of the author's program "From Historical Sources to Research Skills". The study was conducted based on the Action Research methodology and involved 10 students aged 16-17 within the framework of the subject "History of Kazakhstan". The main directions of the research include the analysis of students' cognitive

engagement, independence, interest in scientific inquiry, and research activities during the process of completing coursework, as well as the identification of methodological mechanisms that contribute to the development of research skills.

The study examines the process of developing students' abilities to search for information from various sources, compare and evaluate their reliability, analyze and systematize data, write in an academic style, and formulate well-argued conclusions. The scientific significance of the research lies in substantiating coursework as an effective tool for developing students' research competence, while its practical significance is reflected in the provision of methodological recommendations for teachers on organizing coursework.

The findings demonstrate that coursework has a positive impact on the development of students' critical thinking, their ability to present and justify their viewpoints, and the enhancement of responsibility and self-confidence. In addition, the study confirms the crucial role of systematic methodological support in overcoming difficulties related to time management, academic writing, and working with sources. Overall, this research makes a theoretical and practical contribution to the development of research-based learning in schools and the formation of students' universal research skills.

Keywords: coursework, project work, project training, action research, research questions, surveys, observation.

Мақала тарихы: Алынған күні: 21.01.2026. Қабылданды: 06.03.2026

Авторлар туралы мәліметтер:

Исиргепов Дамир Буранбаевич – хат-хабар авторы, педагогика ғылымдары магистрі, мұғалім-сарапшы, Назарбаев Зияткерлік мектептері, Қостанай, Қазақстан. Tel. +77028281777. E-mail: Issirgepov_D@kst.nis.edu.kz

Бережнова Елена Викторовна – педагогика ғылымдары докторы, профессор, Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар университеті, Мәскеу, Ресей. E-mail: e.v.berezhnova@inno.mgimo.ru

Information about the authors:

Issirgepov Damir – a corresponding author; Master of Pedagogical Sciences, Expert Teacher; Nazarbayev Intellectual Schools, Kostanay, Kazakhstan. Tel. +77028281777. E-mail: Issirgepov_D@kst.nis.edu.kz

Berezhnova Elena – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Moscow State University of International Relations, Moscow, Russia. E-mail: e.v.berezhnova@inno.mgimo.ru

Информация об авторах:

Исиргепов Дамир Буранбаевич – автор корреспонденции, магистр педагогических наук, учитель-эксперт, Назарбаев Интеллектуальные школы, Костанай, Казахстан. Tel. +77028281777. E-mail: Issirgepov_D@kst.nis.edu.kz

Бережнова Елена Викторовна – доктор педагогических наук, профессор, Московский государственный университет международных отношений, Москва, Россия. E-mail: e.v.berezhnova@inno.mgimo.ru